

«Бір тұтас тәрбие».

Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,
шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді құрайық.

Тәрбиеші: Алдын-ала дайындаған ұлттық бұйымдар, сәндік қолданбалы өнермен, салт-дәстүрлермен таныстырып өтеді. «Ұлттық құндылықтар»- дегеніміз не? Әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы-тілі, салт-дәстүрі, діні, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратын оның тілі, ертегі, мақал мәтелдері, ырым тыйымдары, өнері, аспабы, ойындары, ыдыс бұйымдары т.б. қасиеттері. Осылардың бәрі ұлттық құндылықтарға жатады. Салт-дәстүрлер; Ислам, қаза ғұрыптары, отбасы дәстүрі, еңбек дәстүрі, тәрбие салт-дәстүрлері болып бөлінеді. Тәрбие салт-дәстүрлеріне қандай дәстүрлер жатады.

Балалар: Баланы қырқынан шығару, шілдеhana, бесік той, тұсау кесер, сундет той, тілашар т.б

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, біз бүгін осы дәстүрдің бірі қырқынан шығару мен бесікке салу дәстүрін өзіміз орындап көрейік. Балалар, ең алдымен сендерге баланы не үшін қырқынан шығарады, сол жайлы кішкене айтып кетейін. Қырық күннен аман өткен нәрестені «қарақұлақтанды» деп қуанып қырқынан шығару тойын жасаған. Алдымен баланы шомылдыратын ыдыстың түбіне адалдық пен нәзіктіктің белгісі ретінде күмістен жасалған асыл бұйымдарды және күміс тиындарды, өскенде бай, малды болсын деп қойдың асығын және қырық қасық таза су құйған.

–Айсәуле: Бірінші баланың басынан бастаймыз. Басын аман

болсын деп, көзің көреген болсын деп, құлағың естігіш болсын, мұрның иіс сезгіш болсын, омыртқаң жылдам бекісін, қабырғаң тез қатайсын,-деп сәбидің басынан бастап қырық қасық су құяды.

Тәрбиеші: Міне балалар нәрестені қырқынан шығарып алдық , енді тырнағымен шашын алайық.

Шуақты;Баланың «қарын шашын» ақ шүберекке түйіп баланың бесігінің оң жағына байлаймыз, ал «сүт тырнағын» адам баспайтын жерге көміп тастаймыз. Ал ит көйлегіне тәттілер салып балаларға береміз.

Сол кезде ауыл баласы Байбек :«Сүйінші,сүйінші ,алақай-Апа!,Апа! Тәтем келіншек алып келді».

Жеңгелері: «Ал сүйіншіңді,»!-деп тәттілер береді.

Тәрбиеші: Балалар нәрестені қырқынан шығарып алдық,енді бесікке салу дәстүріне байланысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер?**-Нарұл:** Бос бесікті тербетпе.

–**Мирас:** Баланы шошытпа.

–**Айсұлтан:** Бесікке асылма.

–**Абылай:** Бесікті аяқпен тербетпе.

Тәрбиеші: Әже немереңізді қырқынан шығардық , енді бесікке салуға рұқсат етесізбе?

Әже: Ия.

Тәрбиеші: Қане, әженің рұқсатымен нәрестенің атын, ауыл ақсақалына азан шақыртып қойдырып алайық.

Ата : (Заңғар) баланың оң және сол жақ құлағына дауыстап баланың есімін Бауыржан деп қояды.

Әже: баланы бесікке салмас бұрын түрлі иістерден арылту, жын-шайтандарды қуу үшін бесікті аластап берейін.

Алас –алас,пәледен алас,

Иесі келеді,пәледен қаш.

Көзі жаманның көзінен,

Тілі жаманның тілінен қаш.

Тәрбиеші: Балалар енді тыштыма ырымын жасап алайық.

Раяна: Тыштыма,тыштыма

-Тышты тышты. 3 рет

Айым: Осындай той бәріңізге жұғысты болсын. Шашу, шашу
(Кәмпит шашады)

Тәрбиеші: Ал балалар енді нәрестені бесікке салмас бұрын,бесіктің жабдықтарымен танысып алайық.

Раяна: Бесік ағаштан жасалған, бесіктің ойығы, төсегі, жастығы болады.Ал мынау тартпа бау. Бесіктің сыртында жабуы болады.Бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы зор.

Нұрәділ: Ассалаумағалейкум.Мен көрші ауылдан, сүндет тойдан келе жатыр едім, сендерге «сарқыт» ала келдім. Мінекей «ауыз тиіңдер»!

Раяна: Ата нәрестенің аузына түкіріңіз, сізге тартқан салиқалы, иманды ақсақал болсын!

Нұрәділ:(Аузына түкіріп) Батыр бол балам,- дейді.

Раяна: Баланың ұйқысы тыныш болсын деп, бесік жырын айтып берейін.(Бесік жыры әні)

Сырттан ауыл баласы Баян бесік тойға келіп,- Әже, әже! маған апам базардан көйлек әкеліп берді, «байғазы»беріңіз!

Әже: алағой қарағым, - деп ақша береді .

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, керемет орындадыңдар. Тойдың қызығы да аяқталып қалды. Енді Бауыржан нәрестенің атасынан бата сұрайық.

Заңғар: Баламыз сүйкімді болсын,

Өнер білімге икемді болсын.

Жақсы жолды таңдасын,

Жаманнан тәлім алмасын. «Әумин»

Тәрбиеші: Ата батаңыз қабыл болсын. Ауырмай аман есен жүріңіз! Қыздарымыздың орындауында «Асатаяқ» биі.

Қорытынды: Балалармен жұмыс. Балалар бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе, үлкенге –сәлем, қуантқанға-сүйінші, соғымнан –сыбаға, балаға –базарлық, кішіге-байғазы, сәбиге –көрімдік,

қуанышқа –шашу шашып , салт-дәстүрімізді ешқашан ұмытпай,
қазақ деген халықтың патриот ұрпағы болып өсулеріңе тілекшіміз
және бұл біздің міндетіміз -деп білемін

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бану-Туркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова



«Бану-Туркеш» балабақшасы
«Қарлығаш» тобы
«Ұлттық құндылықтар»